

ТҮҮ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

январь Жума

Шығуына 33 жыл
және саны 20 тыйын.

Жанды, нақты басшылық бұқарамен байланысты күнбе-күн күшейтуді, озат тәжірибені зерттеуді және жыйнақтап отыруды, жұмыстағы кемшіліктерді ашатын сын мен өзара сынды мейлінше күшейтуді талап етеді.

ақты ерек

де тиісті шаралар

ерінің қаралатын әр-
ына жете, терең, ег-
ін анықтап алуы,
басшылықтың бұл-
Солай бола тұрса да,
керде орындалмайды.
ст Партиясының съез-
зақстан К(б)П Орта
жүресін кейбір мәсе-
мұқият зерттемей-н
ні үшін орынды сы-
мәжістерінің бірінде
қоғамдық шаруашы-
туралы және колхоз
әбейту шаралары ту-
ы қабылдады. Рес-
і облыстарына жәбе-
ардың бәрі жалпы,
ы, облыстардың әр-
е жағдайлары еске-
қабылдар алдында
д бюросы облыстық
ңеспеді, олардың тәж-
нды байланыс жасау,
рдің өзінде зерттеу

Трактор—жердің ырысы, күші—елдің тынысы

Техникалық күтім —өнімді еңбек кілті

(Петропавл МТС-нің Ленин орденді
комбайншысы М. КИМНІҢ сөзінен)

Комбайн үздіксіз жұмыс істемесе, бі-
тік өсірілген егінің өзі түгел жыйнал-
майды, бастырылмай ысыраққа ұша-
райды, рәсуә болады. Олай болса, егінің
барлық көлемінен мол өнім жыйнау ком-
байн паркінің жақсы жұмыс істеуіне
байланысты. Бірақ, бұл да жеткіліксіз.

Егін жыйнау және астық дайындауда
жоғары көрсеткіштерге ие болу үшін
трактор паркі мен комбайн паркі екеуі
бірдей тоқтаусыз жұмыс істейтін болуы
керек. Мұнысыз егін жыйнау мен астық
дайындау ісінде партиямыз бен үметі-
міз қойып отырған талаптарға сай ең-
бек ету мүмкін емес.

Комбайнды толық қуатымен жұмысқа
қосу үшін оны үнемі жоғары техника-
лық күтімде ұстау, тыңғыздықты
жөндеуден өткізу керек. Бұған біз-
дің күш- мүмкіншілігіміз, техникалық
базамыз еркін жетеді. Мен өз комбайным-
ды жылдар бойына техникалық күтімде
ұстаймын. Қысқы маусымда комбайным-
ды үнемі сапалы жөндеп, оның егін

Жуырда Петропавл ауданы меха-
низаторларының кеңесі болып өтті.
Механизаторлар «1951 жылғы ауыл-
шаруашылық жұмыстарының қоры-
тындылары және алда тұрған мін-
деттер туралы» еңбекшілер депутат-
тарының Петропавл аудандық Советі
атқомінің председателі Ө. Ыб-
раев жолдастың баяндамасын тың-
дап, талқылады.

Кеңесте механизаторлар, колхоз
басшылары еңбек өнімділігін арт-
тырудың, машиналарды жұмысқа
үздіксіз пайдаланудың негізгі жол-
дарын айтты. Олар өздерінің маман-
дығы мен іскерлігін үнемі арттыра,
социалистік жарысты кеңінен өріс-
теге отырып, үстіміздегі ауылшар-
уашылық жылында жаңа зор табыс-
тарға жетуге серт берді, ұлғайтыл-
ған міндеттемелер алды.

Төменде кеңеске қатысқан біртоп
алдыңғы қатарлы механизаторлар-
дың сөзін жариялап отырмыз.

Бірлік, ынтымақ, өзара көмек

(Ворошилов атындағы колхоздың пред-
седателі РАХМЕТОВ жолдастың сөзінен)

Біздің колхозымыз —іріленген кол-
хоз. Ірілену колхоз шаруашылығын әр-
жақты өркендетуге, колхозшылардың ма-


Тракторларды сапалы жөндеп қоямыз

(Асанов МТС-нің № 2 трактор отряды
ның бригадирі ШТОЛЬЦ жолдастың
сөзінен)

Мен басқаратын № 2 бригаданың ме-
ханизаторлары трактор жұмыстарының
маусымдық жоспарын жылма- жыл асы-
ра орындап келеді. Біз бұл табысқа қалай
жеттік. Табыс сыры неде? Бригада мұндай
үздік табысқа, ең алдымен, күнбе-күнгі
жұмыстарында социалистік жарысты ке-
ңінен өрістетуге арқылы ие болды. Расын-
да да бригаданың әрбір тракторшысы
жыл сайын тракторлардың өнімді және
үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету,
еңбек өнімділігін мейлінше арттыру, жа-
нап, жағар майларын үнемдеу, жұмыс-
тың өзіндік бағасын кеміту жөнінде
өзара социалистік жарысқа түседі де
ұлғайтылған міндеттемелер алады. Ме-
ханизаторлар мұнымен де қанағаттан-
байды. Олар бірлесе отырып, жарыс
шартын жүзеге асырудың тиісті шара-
ларын белгілейді.

Сонымен қабат, бригаданың коммунист-
тері мен комсомолдері тағайындалған
жарыс шартының орындалуын үздіксіз
зерттеп, қорытындылар отырып, Қазір

Өндірістік жаңа табыстар жолындағы күрес



Петропавлдың Панфилов атындағы
кііз -аяккім артелінің пималарды таза
лаушысы И. Ивашенко жолдас өнімді
сапасын жақсартпа түсу ісінде бірқата
көрнекті табыстарға ие болып келеді.
Ол ай сайын өндірістік тапсырманы 20

бөлек өткізеді, мұның өзі басшылықты нақтылы, неғұрлым ықпалды етуге көмектеседі.

Елімізде алдыңғы қатарлы кәсіпорындары, колхоздар, совхоздар, МТС-тер жылдан жылға көбеюде, мұнымен бірге, артта қалушылардың саны үздіксіз азаюда. Мұның өзі партия ұйымдарының шаруашылық және мәдениет құрылысына басшылықты жақсартуының, кәсіпорындары мен колхоздарға жағдайға сай басшылық етуінің, олардың әрқайсысының жұмысын жақсарту жөнінде ықпалды шаралар қолдануының нәтижесі.

Мұнымен бірге, кейбір облыстық, қалалық және аудандық, партия комитеттерінің жұмысында, істі терең зерттеп білмейінше, «жалпылап», шаблон бойынша басшылық ету практикасына әлі де жол беріліп келеді.

Жақын арада жүргізіліп тексеруде көрінгендей, Ростов облыстық партия комитеті облыстағы көптеген өнеркәсіп және транспорт орындарының, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың қанағаттанғырсыз жұмыс істеп, өндіріс жоспарларын үнемі орындамай келуіне тезіп отыра бергендігін көрсетті. Облыстық партия комитеті олардың жұмысты нашар істеуінің себептерін зерттемейді, артта қалған учаскторді нығайтуға тиісінше көңіл бөлмейді. Облыстық партия комитеті аудандардың, кәсіпорындардың, колхоздардың, ғылым және мәдениет мекемелерінің қажетін терең зерттемейді. Сондықтан, жер-жердегі істің жайын жақсы білмейді және олардың кемшіліктерін жою ісінде партия ұйымдарына

әрбір кезеңде, әрбір белгілі уақытта басты-басты, бірінші кезектегі міндеттерді ерекше алға қоя білу — аурыс басшылықтың маңызды шарты болып табылады. Өнеркәсіп саласында көзір партия ұйымдарының алдына бұқараны әрбір кәсіпорындары жұмыстың сапасын мейлінше арттыру күресіне жұмылдыру, мемлекеттік жоспарларды барлық жағынан толық және асыра орындауды көздейтін социалистік жарысқа басшылықты жақсарту міндеті қойылып отыр. Ауыл шаруашылығы саласында әрбір ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын едәуір арттыру, қоғамдық малды көбейту, онымен бірге, оның өнімділігін едәуір өсіру басты міндет болып отыр. Көзір уақытта селодағы партия ұйымдары көктемгі егіске әзірлікке айырықша көңіл бөлуге тиіс. Бұл міндеттердің бәрін тек бүкіл партиялық ұйымдық және партиялық саяси жұмыстың дәрежесін онан әрі арттырғанда ғана ойдағыдай орындауға болады.

Жаңды, нақты басшылық бұқарамен байланысты күнбе-күн күшейтуді, озат тәжірибені зерттеуді және жыйнақтап отыруды, жұмыстағы кемшіліктерді ашатын сын мен өзара сынды мейлінше күшейтуді талап етеді.

Өз жұмысының әдістерін қажырлықпен жетілдіре отырып, жергілікті партия ұйымдары партиялық ұйымдық және партиялық саяси жұмыстың онан әрі күшейтілуін қамтамасыз етеді, коммунистік құрылыстың барлық учаскторінде жаңа табыстарға жетеді.

(«Правданың» 23 январьдағы басмақаласы).

А. И. Мәмбетов жолдасты Қазақ ССР ауыл шаруашылығы Министрі етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Ахмет Исмағұлұлы Мәмбетов жолдас Қазақ ССР ауыл шаруашылығы Министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары үшін

А. НЕКЛУДОВ.

Алматы қаласы, 1952 жылғы 23 январь.

тың сөзінен)

Көзір МТС-те көптеген кең алымды машиналар бар. Бұл машиналар шөп шабуға кеңінен пайдалануға тиіс. Алайда, МТС басшылары кең алымды машиналарын шөп шабуға тиісті дәрежеде қосып отырған жоқ. Олар бұл мәселеге мүлдем мән бердей жүр. Бұл жағдай колхоздарда жемісін дайындау жоспарының орындалмай қалуына әкеліп соғып отыр.

Мысалға мен жұмыс істейтін Сталин атындағы колхозды алайық. Мұнда өткен жылы шөп шабуға МТС тарапынан бөлінген жоғарыдағыдай машиналар іске үздіксіз қосылмады. Оның негізгі себебі — МТС басшылары бұл машинаны жанар, жағар май, тағы басқа да қажетті материалдармен мезгілінде және жеткілікті қамтамасыз етпеді.

«ШК» — шөп шабуға бірден бір қоллайы машина. Сондықтан, біз механикаторлар оны жұмысқа пайдалана білуіміз керек. Бұл міндетті орындау үшін «ШК»-ны жүргізе білетін маман кадрлар көптеп даярлау, олардың жұмыс істеуіне тиісті жағдайлардың барлығын жасау МТС басшыларының төл ісі. «ШК» машиналарын шөп шабуға осы күннен бастап әзірлеу қажет.

Мен өз машинамды шөп шабуға көктемгі егіске дейін әзірлеп қоямын, сөйтіп, оны науқанның бірінші күнінен жұмысқа қосамын. Бір «ШК» машинасымен 2500 гектар жердің пішенін шабамын.

егін бригадалары трактор отрядын қажет болған нәрсенің бәрімен: адаммен, қолыпен және әртүрлі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті, сөйтіп, тракторлардың егін бригадасының кінәсінен жұмыс істемей тұруы едәуір азайды. Тракторлардың көпшілігі тоқтаусыз жұмыс істеді. Колхозда көктемгі егіс қысқы мерзімінде агротехникалық ережелерге сәйкес аяқталды, колхозымызда бітік егін өсірілді.

Сол сияқты, біздің егін бригадаларымыз егін жыйнау және астық дайындауда да өзінің трактор, комбайн паркттерімен байланысын жақсартта түсті. Олар өнімді жұмыс істеді, бастырылған астық буннерден комбайн жүріп бара жатқанда алынды. Бұл жағдай комбайншыларға да, тракторшыларға да жұмыс уақытын үнемдеуге, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға мүмкіндік берді.

Көзір егін бригадалары көктемгі егіске әзірленіп жатыр. Біз бұл бригадаларды нығайтып, оның мұндай шешуші кезеңде трактор отрядтарымен ынталы жұмыс істеуін қамтамасыз етеміз. Жұмыстың бұл учасотіндегі жоғарыдағыдай кемшіліктерді мүлдем жоямыз, көктемгі егісті үлгілі өткізіп, егін шығымдылығын арттырып, оның барлық көлемінен мол және тұрақты өнім аламыз. Біздің бүгінгі көзден отырған нысанамыз, міне, осы.

(Петропавл ауданының 5 бригадасының 5 бригадасының б

Біз жылғы өнімді түрлі-түрлі трактор бригадаларымен бірге, біз трактор техникалық

Жазғы жыйнау және астық дайындауда да өзінің трактор, комбайн паркттерімен байланысын жақсартта түсті. Олар өнімді жұмыс істеді, бастырылған астық буннерден комбайн жүріп бара жатқанда алынды. Бұл жағдай комбайншыларға да, тракторшыларға да жұмыс уақытын үнемдеуге, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға мүмкіндік берді.

Көзір біз ойдағыдай жондеу және астық дайындау жұмысын орындаймыз.

Механизаторлардың міндеттері

Біз, Петропавл ауданының механизаторлары, 1951 жылғы жұмысымыздың қорытындыларын шығара отырып, еліміздің алдыңғы қатарлы механизаторларының үлгісі бойынша 1952 ауылшаруашылық жылын ойдағыдай өткізу жолындағы социалистік жарысқа ұштасамыз да, өзімізге төмендегідей міндеттемелер аламыз:

а) 1952 жылы егіннің әрбір гектарынан 100 пұттан өнім жыйналуын қамтамасыз етеміз;

б) Петропавл және Асаново МТС-тері бойынша тұтас алғанда тракторлармен істелетін жұмыстардың жылдық жоспарын артығымен орындаймыз;

в) жазғы ауылшаруашылық бойынша жанар мейдің 5 проценти заттай ақы жыйнау жоспарына жетісеміз.

Біз ауыл шаруашылығы жұмыстары мен алдыңғы қатарлы ірісіне кеңінен енгізіп, колхозда қағынан нығайтуға келелі көмектесудің маңызын Петропавл ауданының механизаторларын санаймыз.


Міндеттеме Петропавл ауданының мәслихатында қабылданды.

ның және Совет некті қайраткері

содаспен бір-
аханды қорғау-
ы жаулардан
етін нығайтуда

құрылыстың
өзтің өсімімен

тыс болғаннан
ышпесті ССРО



арғы Совет. Я
алы ол Мем-
омиссиясының
алық Комис-
інің Орынба-
Куйбышевтің
лық таланты.

ұйымдастырушы Сталин жолдастың да-
нышпандық қорғандығы туралы асқан
жігермен сөйледі.

«Екінші бесжылдықтың программасы,
деп көрсетті Куйбышев жолдас, — ленин-
дің идеялар салтанатының, социализмнің
одан әрі үздіксіз өсуінің ұлы програм-
масы. Жүзеге асырылуы бүкіл дүние-
жүзілік тарихи маңызды оқиға болатын
бұл программа, біздің күресіміздегі бар-
лық ұлы нәрселер сияқты, Сталин жол-
дасқа міндетті. ... Ұлы көсемнің басшы-
лығымен екінші бесжылдықта социализм
құрылысының орасан зор программасы
туды. Сталин жолдастың басшылығымен
бұл программа орындалады да».

Ленин мен Сталиннің адал шәкірті
және серігі, коммунизм ісіне шексіз
берілген Куйбышев партия мен халық
тың елімізде социализм құрылысын іске
асырмай тастауға тырысқан жауларына,
троцкийшіл зинovieвшіл, бухариншіл
және басқа опасыздар мен сатылмыштар-
ға өте мейрімсіз болды. Ол партияның
бірлігін нығайту үшін, оны Лениннің,
Сталиннің жеңілес тарихының тәңі-
регіне топтастыру үшін қажырлылық-
пен күресті. Большевиктік терең прин-
ципшілік, партияның сара жолынан
кандай болсын таяушылықпен келіспеу-
шілік, социализмнің жауларына өшпен-
ділік — лениндік сталиндік тұрпатты
партия қайраткерінің барлық бұл си-
паттары В. В. Куйбышев Орталық Ба-
қылау Комиссиясының — Жұмысшы
Шаруа Инспекциясының басшысы қыз-
метін атқарғанда өте мәте айқын көрін-
ді. Троцкийшіл-зинovieвшіл, бухариншіл
азғындарды, түрлі түсті барлық оппорту-
нистерді бағыл және алусыз талқандап,
Куйбышев жолдас сонымен бірге, совет-
тің адал адамдарына асқан сөзімталдық

Еңбек орта мектебінде

Ленин ауданындағы Еңбек орта мекте-
бінде кластан тыс тәрбие жұмыстарын
жүргізуге айтарлықтай көңіл бөлінуде.
Мұнда кітап оқушылар конференциясы
жиі-жиі өткізіліп, түрлі үйірмелер жұмыс
істейді. Жұырда Рабит Мүсреповтың «Қа-
зақстандық солдат» атты кітабы бойынша
кітап оқушылар конференциясы өткізілді.
Мектепте жарық, кең бөлмеге орналас-
тырылған кітапхана бар. Оқушылар тіле-
ген кітаптарын әрқашан да өз кітапхана-
ларынан алып оқиды.

Мектеп комсомол ұйымы оқушы жас-
тарды комсомол қатарына қабылдауға
дайындаумен бірге, комсомол мүшелері
арасында тәлім-тәрбие жұмыстарын өріс-
тете жүргізуде. Мұнда комсомолдар қатары
үздіксіз өсіп отыр.

Мектеп және интернат басшылары мек-
теп жанындағы интернатта жатып оқу
оқушылардың тұрмыстық және
мәдени тілегін өтеуге ерекше көңіл бөліп
келеді.

Мәдениетті тынығу орны

Октябрь ауданындағы Есіл ауылдық
Советінің жанындағы қызыл мүйіз Жам-
был атындағы іріленген колхоздың мүше-
лері мен мектеп оқушыларының мәдениет-
ті дем алатын орнына айналды. Қызыл
мүйіздің менгерушісі Б. Есалин жолдас
қызыл мүйіз үйін плакат, ұрандармен
безендірген. Ортадағы үлкен столдың үс-
тінде күнбе-күнгі газет, журналдар және
кітаптар мен кітапшалар. Мұндағы Ле-
ниннің, Сталиннің шығармалары, саяси
және көркем әдебиет кітаптарының саны
500-ге жуық.

Н. НҰРҚАНОВ.

Қысқы спортпен шұғылданды

А. Я. Вышинскийдің Париждан оралуы

ПАРИЖ, 22 январь. (СОТА-ның ар-
наулы тілшісі). Бүгін кешке Біріккен
Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының VI
сессиясындағы ССРО делегациясының
басшысы ССРО Сыртқы Істер Министрі
А. Я. Вышинский Парижден Москваға
жүріп кетті.

Вокзалда А. Я. Вышинскийді ССРО
делегациясы басшысының орынбасары
Я. А. Малик, совет делегациясының
мүшелері, Украин ССР, Белорусс ССР,

Польша және Чехословакия делегацияла-
рының басшылары мен мүшелері, ССРО-
ның Франциядағы елшісі А. П. Павлов,
халықтық демократия елдерінің диплома-
тиялық өкілдері, Біріккен Ұлттар Ұйы-
мы секретариатының өкілі, Франция
сыртқы істер Министрінің өкілі, со-
вет делегациясы мен УССР және БССР
делегацияларының қызметкерлері, сол
сияқты, Франциядағы совет елшілігінің
қызметкерлері шығарып салды.

Шет елдерде Ленин күндері

Жер жүзінің халықтары дүние жүзінің
ұлы көсемі және ұстазы, большевиктік
партияның және дүние жүзіндегі тұңғыш
советтік социалистік мемлекеттің негізін
салушы Владимир Ильичті еске түсіруде.
Қытай Халық республикасының, халық-
тық демократия елдері — Польшаның,
Чехословакияның, Венгрияның, Румыния-
ның, Албанияның, Болгарияның және
басқа шетелдердің қалалары мен село-
ларында В. И. Ленинді еске түсіруге
арналған салтанатты-қаралы мәжілістер
мен көп адам қатысқан жыйналыстар
өтті. Еңбекшілер өздерінің Ленин —
Сталин ісіне деген сүйіспеншілігі мен
берілгендігін, Совет Одағына, большевик-
тік партияға және Лениннің мәңгі жасай-
тын ілімін алға апарушы ұлы Иосиф
Виссарионович Сталинге деген адалды-
ғын білдірді.

Румыния жұмысшы партиясының Орта-
лық Комитеті мен Румынияның Министр-
лер Советі Румынияның астанасы Буха-
ресте бүкіл дүниежүзі еңбекшілерінің ұлы
ұстазы Владимир Ильич Ленинге ескерт-
кіш орнатуға қаулы етті.

Румыния жұмысшы партиясының Орта-
лық Комитеті мен Румыния Министрлер
Советі Бухаресттің жоспарлау-экономика-
лық институты студенттерінің және про-

Стокгольмдегі (Швеция) В. И. Ленин-
нің қайтыс болуына 28 жыл толуына ар-
налған салтанатты-қаралы мәжілісте атақ-
ты қоғамдық қайраткер Кнут Ульссон
баяндама жасап, Владимир Ильич Ленин-
нің өмірі мен қызметі туралы айтты.
Лениннің өсиеттерін, деді Ульссон, совет
халқы Лениннің адал шәкірті И. В.
Сталиннің басшылығымен жүзеге асырды.

Иранның «Бесуе аянде» газеті 22 ян-
варьдағы бірінші бетінде В. И. Лениннің
портретін басты және «Адамзаттың ұлы
данышпаны, дүние жүзіндегі тұңғыш со-
циалистік мемлекеттің жасаушы, барлық
еңбекшілердің дана көсемі, оларды капи-
тал құлдығынан азат болудың жолына
түсіруші және барлық ұлттардың бостан-
дығы мен тәуелсіздігінің нағыз досы»
деген, В. И. Лениннің қайтыс болуына
28 жыл толуына арналған үлкен мақала
жариялады.

Газет «Лениннің еңбектері мен ұлы
сөздері кәзіргі уақытта бүкіл прогресшіл
адамзатты бейбітшілік, тыныштық, әділ
әлеуметтік тәртіптерді орнату жолымен, сол
сияқты, империализмге, соғысқа, құлдык-
қа және кері кетушілікке қарсы күрес
жолымен әкеле жатқандығын» атап көр-
сетеді.

Француз компартиясының «Юманите»

тының тапсырмаларын аброймен орындап, көрнекті табыстарға жетті. Фрунзе және Буйбышев жолдастардың басшылығымен қызыл әскерлер Колчак армия-

сықтың халық шаруашылығын өркендету жоспары туралы баяндама жасап, Буйбышев жолдас біздің дәуірдің ұлылығы туралы, социализмнің ұлы жеңістерін

миллиондаған еңбекшілері үшін олардың коммунизмнің толық салтанат етуі жолындағы күресте рух беруші үлгі болады.

зоотехникалық оқуын өткізуде болып келген кемшіліктерді жоюға бағытталған бірқатар шаралар белгіленгендігін хабарлады.

БЕИРУТ, 22 январь. Байрак» газеті Ливан газетінің Париждағы тіркесіне сүйене отырып, бар жариялады:

«Аш-Шааб» газетінің қуаңдық сыртқы істер ринаан Черчилль мен нәтижесінде Францияның «Бірлесіп қорғану» жоспарына сәйкес Лив

БЕ

БЕИРУТ, 22 январь. ның «Алеф-ба» газетінің ғанда, таяу күндерде Х ласында қала жұртшылық қатысқан демонстрациясыяқты, бұл демонстрация студенттер қатысқан.

Демонстрация ағылшы

Қазақ ССР Жоғарғы диумы А. Д. Дауылбаев жұмысқа ауысуына бай.

Редакциядан: газетіміз.

АЗАМАТТАРДЫ

1952 жылғы 30 яни кеттік 3 проценттік и нын 25 тиражы өткізі.

Бұл заемның облига нақ кассаларында ер және сатып алынады.

Заем облигациялары ңыздар және тиражы дар!

200 сомдық облигаци нан 100.000 сомға дей ды.

Механизаторлардың аса маңызды міндеттері

Тракторлар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске тыңғылықты әзірлеу жолындағы социалистік жарыс Петропавл ауданының МТС-терінде ойдағыдай ұйымдастырылып отыр.

Петропавл және Асанов МТС-терінің механизаторлары еліміздің алдыңғы қатарлы механизаторларының үндеуіне жауап ретінде мастерскойларда жөндеу жұмысының сапасын көзіргіден де жақсартта түсуді, барлық тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді көктемгі өгіс басталудан көп бұрын аяқтауды көздеп отыр. Бұл үшін олар өздерінің ішкі күш мүмкіншіліктерін қайта есепке алды, оны сарқа пайдаланудың нақтылы жолдарын белгіледі. Мұнымен бірге, олар тораптық әдісті қолдануды негізінен жақсарттық. Осы арқылы жаншай еңбек өрлеуіне жетіспек. Бұл шаралар аудан механизаторларының жуырда болып өткен кеңесінде белгіленді. Кеңеске қатысқан механизаторлар МТС-те жөндеу жұмысына пайдаланылмай жатқан күш мүмкіншіліктер әлі көп екенін ұмықтады.

Газетіміздің бүгінгі санында аудан механизаторларының кеңесі туралы материалдар беріліп отыр. Мұнда олардың тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеудегі және оларды іске қосудағы кейбір іс әдістері, бұл салада алған жаңа көтеріңкі міндеттемелері баяндалады.

Механизаторлар тракторлар мен тіркеу аймандарын ойдағыдай жөндеумен ғана ынбайлы, қайта керісінше, олар көк-

темгі жазғы шаруашылық жұмыстарының жылдық жоспарын, заттай ақы төлеу жөніндегі тапсырманы едәуір асыра орындауға, бұл мерзім ішінде пайдаланылатын барлық жапар, жағар майдың 5 процентін үнемдеуге, егінің барлық көлемінен мол өнім алуға міндеттенді. Қызыл тулы Петропавл МТС-нің трактор бригадалары быйылғы жылы 15 аттың күші бар әрбір трактормен жұмсақ жерге шаққанда 650 гектардан жер жұмыстайды да, өгіндік алаңның әрбір гектарына 15 центнерден өнім жыйнайды.

Аудан МТС-терінің механизаторлары өздерінің жоғарыдағы көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындай бастады. Алған міндеттемені жүзеге асырудың басты шарты — тракторлар мен тіркеу аймандарын тез және сапалы жөндеу болса, Петропавл, Асанов МТС-терінде жұмыстың бұл саласы барған сайын жедел қарқынмен атқарылуда. Бұларда әрбір механизатор, жекелеген бригадалар түгел дерлік бір-бірімен социалистік жарысқа ұштасқан. МТС-терде жөндеу жұмысының күндік, бескүндік графигі ұдайы артығымен орындалып отырса, ол еңалдымен, осы жарыстың күші.

Тракторлар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске сапалы әзірлеу жөніндегі социалистік жарысқа Интернационал, Николаевка, Приешім МТС-терінің және Узынқол сыяқты совхоздардың, механикаторлары да қызу ұштасулы. Бұл коллективтердің мастерскойларында жөндеу жұмысы негізінен алғанда тораптық

әдіс бойынша жүргізіледі. Осының арқасында еңбек өнімділігі едәуір артып, социалистік жарыс шарты, тағайындалған жұмыс графигі үнемі дәлме-дәл орындалып жүр.

Бірақ, бұл айтылғандардан тракторлар мен түрлі ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ісінде ешқандай кемшілік жоқ деген ұғым тұмайды. Облысымыздың бірқатар МТС-тері мен совхоздарында бұл жұмыс әлі де өз дәрежесінде емес. МТС және совхоз басшылары, жергілікті партия, совет ұйымдары тракторлар мен тіркеу саймандарын көктемгі егіске әзірлеу ісіне, механизаторлардың социалистік жарысын ұйымдастыруға жеткіліксіз басшылық жасап, дәрменсіздік көрсетіп жүр. Олар қолда бар күш мүмкіншіліктердің өзін іске толық қоса алмай келеді. Ал, мұндай ешбірліктердің өте баяу және мардымсыз жүргізілуіне, еңбек өнімділігінің кемуіне, материалдар мен отынның, жұмыс уақытының үнеміз жұмсалыуына әкеліп соғып отыр.

Көктемгі егісті ең қысқа мерзімде, агротехникалық ережелерге сай өткізу — тракторлар мен тіркеу саймандарының тыңғылықты жөндеуіне, олардың біркелкі өнімді жұмыс істеуіне, тікелей байланысты. Олай болса жөндеу жұмысында кейін қалушылыққа, сапасыздыққа бұдан әрі түзуге тілгі болмайды.

Басты міндет мынада: жергілікті партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық орындары МТС және совхоз басшылары іске күнбе-күн, нақтылы басшылық жасауға, жөндеу мастерскойларында еңбек өнімділігін арттырудың жаңа көздерін, резервтерін тауып отыруға, бұған механизаторлар коллективін

түгел жұмылдыра білуге тиіс. Мұндай аса маңызды шараларды жүзеге асыру үшін жөндеу тораптарында социалистік жарысты бөнінен өрістетуге, оған басшылықты негізінен жақсарту, алынған міндеттемелердің сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету қажет. Мұнымен қабат, оңат механизаторлардың іс тәжірибелерін көптің игілігіне айналдыруға жете көңіл бөлініс, механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі бағалы ұсыныстары мен талаптары кезінде қолдау тауып отырсын.

Жөндеу жұмысының сапалы ұйымдастырылуын, тракторлар мен тіркеу саймандарының үздіксіз жұмысқа қосылуын кадрлар шешеді. Сондықтан МТС және совхоз басшылары механизаторлардың білімін көтеруге, іскерлігі мен мамандығын арттыруға жете көңіл бөлуге міндетті. Ол үшін механизаторларды механикаторлар даярлайтын мектептерде үздіксіз және көптеп оқыту керек. Сол сыяқты, әрбір МТС және совхоз жанынан механизаторлардың өндірістен қол үзбей оқыйтын техникалық үйірмелері ұйымдастырылып, онда сабақ өткізуге маман механизаторлар белгіленетін болсын.

Бригадир — бригадалағы басты тұлға. Бұл қызметке істе сыналған маман механизаторларды жіберіп, трактор бригадасын барған сайын нығайта берудің үлкен маңызы бар.

Облыс механизаторлары! Социалистік жарысты пәрменіше өрістетте отырып, тракторлар мен тіркеу саймандарын мейлінше сапалы жөндейік, сөйтіп, көктемгі егісті үлгілі өткізудің және егінің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алуың негізін қалайық!

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редакцияның баспа бөлімі — 1-88, редакцияның бухгалтериясы — 1-89, редакцияның типографиясы — 1-90, редакцияның редакциясы — 1-91, редакцияның редакциясы — 1-92, редакцияның редакциясы — 1-93, редакцияның редакциясы — 1-94, редакцияның редакциясы — 1-95, редакцияның редакциясы — 1-96, редакцияның редакциясы — 1-97, редакцияның редакциясы — 1-98, редакцияның редакциясы — 1-99, редакцияның редакциясы — 1-100. Газет баспасы — 0,22, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон